# Төрт түліктің пайдасы

Жукенова Асем Тюлегеновна
Ганькин орталау мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

| | |
|---|---|
| Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары | А7.1.4.1 повестердің және лирикалық поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау;<br>Т7.2.3.1 ауызша мәтіндер құрауда екпін түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданып айту;<br>О7.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде ұсыну;<br>ТБ7.5.1.7 септеулік шылаулардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану. |
| Сабақтың мақсаттары | Барлық оқушылар:<br>Мәтін мазмұнын түсініп, сұрақтар құрастырады. Екпін, екпіннің түрлерін қолданады.<br>Көптеген оқушылар:<br>Шығармадан үзінді тыңдап, тақырыбы мен идеясын талдайды. Септеулік шылаулардың қызметін біледі.<br>Кейбір оқушылар:<br>Мәліметтерді кесте, диаграмма, сызба түрінде ұсынады. Септеулік шылауларды ауызша және жазба жұмыстарда қолданады. |
| Бағалау критерийлері | Оқылым мақсаты бойынша:<br>✓ мәтін мазмұнын түсінеді;<br>✓ нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыра алады.<br>Әдеби тілдік норма бойынша:<br>✓ мәтіндегі сөздерді екпінмен айтады;<br>✓ септеулік шылауларды қызметіне сай қолданады. |
| Сабақ түрі | Жаңа сабақ |
| Тілдік мақсаттар | Пәнге қатысты сөз ті-зркестері мен терминология:<br>киелі жануарлар, атбегі, ел қорғаған, жан серігі, ажырату, жүйрік, асыраушысы. |
| Сабақта қамтылатын құндылықтар | Жауапкершілік<br>(жұптық, топтық жұмыста жауапкершілік қасиет танытады)<br>Құрмет<br>(жұмыс барысында өзіне және өзгеге құрмет көрсетеді) |
| Пәнаралық байланыс | тарих, әдебиет, музыка |
| АКТ қолдану дағдылары | Таныстырылым арқылы ақпарат қабылдайды. |
| Осыған дейін меңгерілген білім | Ғаламтор |
| Жоспар | |

| Жоспарланатын уақыт | Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер | Дерек-көздер |
|---|---|---|
| 5 минут | Ынтымақтастық орта қалыптастыру<br>- Балалар, бүгін көңіл күйіміз қандай?<br>- Тұп-тұнық судай,<br>- Мөп- мөлдір<br>- Ашық аспандай<br>- Жалпы, балалар көңіл-күйлерің қандай?<br>- Тамаша! | |


Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания №KZ93VPY00020180 выдано Комитетом информации Министерства информации и общественного развития РК 11.02.2020 г.

| | | |
|---|---|---|
| | -Балалар, бері қараңдаршы. Мына жерде күннің суреті ілулі тұр. Ол күнге не жетіспей тұр деп ойлайсыңдар? Ол күнге әрине күннің сәулесі жетіспей тұр. Олай болатын болса сендердің алдарыңда күннің сәулесі жатыр, сол сәулеге бір тілектен жазып күнге жабыстырыңдар. Оқушылар тілек жазып жабыстырады. Кейбір оқушылар тілектерін оқиды. Міне оқушылар күніміз күлімдеп, жайнап шыға келді. Әрқашан бідізің де әр күніміз күндей жарқырап тұрсын.<br>Қызығушылығын ояту кезеңі<br>Түйе, жылқы, сиыр, қой суреттері арқылы топтарға бөлінеді.<br>І топ Түйе, жылқы<br>ІІ топ Сиыр, қой<br>   <br>«Микрофон» әдісі. Тыңдалым. Видео қарау. Төрт түліктің пайдасы тақырыбын ашу.<br>-Балалар қазір мен сендерге видеоны көрсетіп, тыңдатамын, сендер мұқият тыңдай отырып жаңа сабақтың атын табасыңдар.<br> <br>Өткен сабақты қайталау.<br>Сұрақ-жауап әдісі | |
| 2 минут | 1.Өткен сабақтың тақырыбы қандай?<br>2.Төрт түлік мал дегеніміз не?<br>3.Төрт түлік деп нені айтамыз?<br>4. Не себепті олар «төрт түлік» деп аталады?<br>-Өйткені олар төртеу, адамға өте пайдалы жануарлар.<br>Төрт түліктің пайдасы қандай?<br>Сүт еті, жүн, көлік т.б. с.с<br>Олай болса бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай?<br>Дұрыс «Төрт түліктің пайдасы»<br>Бағалау формасы «Бас бармақ»<br>-Балалар, қазақ халқының барлық тұрмыс тіршілігі төрт түлік малмен тығыз байланысты. Яғни, жесе тамағы, мінсе көлігі, ішсе сусыны, кисе киімі, сатса ақшасы болған. Қазақ халқында әр түліктің иесі бар деп есептеген. Олар мал басын қорғап, сақтап, көбеюіне септігін тигізген.<br>Есіңе сақта!<br>Запомни! Имена мифического покровителя. | |
| 15+15 минут | Сабақтың тақырыбы анықталып, сабақтың мақсаты мен жетістік критерийлері белгіленеді.<br>Интербелсенді тақтаның көмегімен жаңа сөздерді қайталап жаттаймыз.<br>мата – ткань<br>көлік - транспорт<br>көрпе – одеяло<br>тері – кожа<br>киіз - кошма<br>алаша – дорожка<br>пайдалы-полезный<br>Мырзалық - щедрость<br>Кері байланыс. Жақсы! Жарайсың! | |


Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания №KZ93VPY00020180 выдано Комитетом информации Министерства информации и общественного развития РК 11.02.2020 г.

| | | |
|---|---|---|
| | Септеулік шылаулар (бірінші сабақта өтіп екінші сабақта қайталау)<br>Оқылым. Оқылым тапсырмасы.<br>Бағалау формасы «Смайлик» әдісі<br>Әр топқа төрт түлікке байланысты мәтін беріледі. Соны оқушылар оқып, түліктің пайдасына сұрақтар құрастыру керек.<br>I топ.<br>Бұл сиыр. Сиыр - өте пайдалы. Сиыр бізге ет, сүт, құрт, ірімшік, май, қаймақ береді. Терісінен су құятын ыдыс, қымыз ашытатын саба, сусын құятын торсық жасаған. Сиырдың тезегін отынға пайдаланған. Мүйізінен тарақ жасаған.<br>Қой - үй жануары. Қой ұсақ жануар. Қойдың сүті пайдалы. Сүтінен ірімшік жасайды. Қой жүнінен киіз, көрпе жасайды, жылы киімдер тоқылады. Қой етін, сүтін пайдаланамыз. Терісінен былғары алып, етік тігеді. Қойдың жүнінен киіз басып, жіп иіріп, бау жасаған, кілем, текемет тоқыған.<br>II топ.<br>Қазақ халқы түйені «дала кемесі» деген. Түйе - төрт – түлік малдың бірі. Түйе ірі жануар. Ол бізге шұбат береді. Шұбаттың емдік қасиеті бар. Түйе жүнінен әр түрлі көрпе жасалып, киімдер тоқылады. Ол шөлге шыдамды, жүк артса-көлік, жесе – ет, ал жүні-киім. Қазақтар түйенің жүнінен шапан киген, ол жеңіл, жұмсақ әрі қыста жылы болған.<br>Жылқы - жеті қазынаның бірі. Жылқы - мінсе көлік. Сүтінің емдік қасиеті бар. Жылқы еті де пайдалы, одан қазы – қарта, шұжық жасайды. Жылқының жал-құйрығынан жіп жасаған.<br>Дескриптор:<br>1. Оқушылар мәтінді оқиды;<br>2. Сұрақтар құрастырады.<br>Сергіту сәті.<br>Оқушылардың шаршағандарын байқап, сергіту сәтін жасатамын.<br>Топпен жұмыс.<br>I топ Төрт түлік төлдері қалай аталады?<br>Жылқы төлі - ............. деп аталады.<br>Түйе төлі - .................. деп аталады.<br>Сиыр төлі - ................. деп аталады.<br>Қойдың төлі - ....... , ешкі төлі - ........... деп аталады.<br>II топ. Сәйкесігін тауып сызбамен белгілеу<br>Сұрақ Жауап<br>1. Мал төлдері? Еті, сүті, терісі, жүні<br>2. Малдың пайдасы? Жоңышқа, жаңқа, жусан<br>3. Малдың сүйікті асы? Шопан, жылқышы, бақташы<br>4. Малды кім бағады? Қозы, бұзау, лақ, құлын, бота<br>Дескриптор:<br>1. Төрт түлік төл атауын табады;<br>2. Сәйкестікті сызбамен белгілейді.<br>«Ойлан – жұптас-талқыла» әдісі<br>Оқушылар жұмбақ шешеді. Жауабын үш тілде атайды.<br>Бағалау формасы «Шапалақ» әдісі<br>I топ Түйе-Жылқы<br>Кішкентай ғана бойы бар,<br>Айналдырып киген тоны бар.<br>Жауабы: қой, баран,<br>Екі айнасы бар,<br>Екі найзасы бар,<br>Төрт жаптырмағы бар,<br>Бір шыбыртқысы бар.<br>Жауабы: сиыр, карова<br>II топ Сиыр-Қой | |

**Сетевое издание SEVIBA: Образование | SEVIBA.KZ**
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания №KZ93VPY00020180 выдано Комитетом информации Министерства информации и общественного развития РК 11.02.2020 г.

| | | |
|---|---|---|
| | Қамыс құлақ, тоқсан тұяқ,<br>Мінсең – қанат, сүті – дәрі, еті – тамақ.<br>Жауабы: жылқы, лошадь<br>Кезекті бір жануар,<br>Үстінде екі тауы бар.<br>Жауабы: түйе, верблюд<br>Дескриптор:<br>1. Жұмбақты тыңдайды;<br>2. Жауабын шешеді;<br>3. Жауабын үш тілде айтады.<br>«Микс» әдісі.<br>Диалог, өлең құрастыру.<br>Бағалау формасы «Алма» әдісі.<br>І топ тақтадағы берілген сөздерден 4 жолды өлең жолдарын құрастырып, оны кез – келген әншінің әуеніне қойып ән шырқап берсе, ІІ топ тақтадағы сөздер-ден базарда немесе көшедегі жан-жануарларды қатыстырып диалог құрады.<br>Дескриптор:<br>1. Берілген сөздерді оқиды;<br>2. Сөздерден өлең, диалог құрастырады;<br>3. Ән шырқайды. | |
| Сабақтың соңы<br>3 минут | Сабақ бойынша кері байланыс алынады.<br>«Жетістік баспалдағы» әдісі<br>Рефлексия. «Алма ағашы»<br>Үйге тапсырма: Төрт түлік мал туралы мақал-мәтелдер жаттап келу.<br>Бағалау. Жақсы жауап берген оқушыларды бейджик арқылы марапаттау. | |


Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания №KZ93VPY00020180 выдано Комитетом информации Министерства информации и общественного развития РК 11.02.2020 г.